

**"Дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы көтерме және бөлшек саудада өткізу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрі м.а. 2009 жылғы 16 қарашадағы № 711 бұйрығына толықтыру енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2011 жылғы 8 маусымдағы № 368 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2011 жылы 16 маусымда № 7016 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2012 жылғы 6 маусымдағы № 394 бұйрығымен

**Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2012.06.06 № 394 (қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді) бұйрығымен.**

Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың Мемлекетаралық Кеңесінің (Кеден одағының жоғарғы органы) 2011 жылғы 19 мамырдағы № 81 шешіміне, сондай-ақ «Кеден одағының сыртқы шекарасына мемлекеттік бақылаудың келісілген түрлерін көшіру бойынша жоспарларды орындау туралы» Кеден одағы Комиссиясының 2011 жылғы 19 мамырдағы № 644 шешіміне сәйкес  
**Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :**

1. «Дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы көтерме және бөлшек саудада өткізу ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрі м.а. 2009 жылғы 16 қарашадағы № 711 бұйрығына (Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2009 жылғы 20 қарашада № 5920 тіркелген, Қазақстан Республикасы орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдарының актілер жинағы, 2010 жыл № 4; Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілер Бюллетені 2010 жылғы қыркүйек, № 9, 382-құжатта жарияланған) мынадай толықтыру енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды және медициналық техниканы көтерме және бөлшек саудада өткізу е р е ж е с і н д е :

мынадай мазмұндағы 16-1-тармақпен толықтырылсын:

«16-1. Беларусь Республикасы және Ресей Федерациясы аумақтарында сату үшін емес Кеден одағының Бірыңғай кедендік тарифінің мөлшерлерінен өзгеше кедендік баж мөлшерлері бойынша үшінші елдерден Қазақстан Республикасына келетін импорттық фармацевтикалық өнімді көтерме саудада өткізу жүзеге

а с ы р ы л а д ы . » .

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық және фармацевтикалық қызметті бақылау комитеті (Бейсен Н.Е.) осы бұйрықты заңнама белгілеген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Заң департаменті (Таласпаева А.С.) осы бұйрықты мемлекеттік тіркегеннен кейін оның заңнама белгілеген тәртіппен ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау вице-министрі Е.Ә. Байжүнісовке жүктелсін.

5. Осы бұйрық оны алғаш ресми жариялаған күнінен он күнтізбектік күн өткеннен кейін күшіне енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н                    Р е с п у б л и к а с ы*  
*Д е н с а у л ы қ                    с а қ т а у*  
*министрінің міндетін атқарушы                    С. Мусинов*